

Д.Е. Асылжанова

Абай атындағы Ұлттық педагогика университетінің магистрі

**ДЖ.Д.СЭЛИНДЖЕРДІҢ «THE CATCHER IN THE RYE»
ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ СЛЕНГТІҢ ҚЫЗМЕТІ**

Аннотация. Мақалада сленгтің әдеби шығармаларда атқаратын негізгі қызметтері мен ерекшеліктері, қолдану себептері талданған. Сонымен қатар ағылшын тіліндегі сленгтерді орыс тіліне аудару ерекшеліктері сипатталған.

Кілт сөздер: сленг, сленг функциясы, «The Catcher in the rye», жастар сленгі.

Д.Е. Асылжанова

магистр Национального педагогического университета имени Абая

**ОСОБЕННОСТИ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ СЛЕНГА В
ХУДОЖЕСТВЕННОМ ПРОИЗВЕДЕНИИ ДЖ.Д.СЭЛИНДЖЕРА
«THE CATCHER IN THE RYE».**

Аннотация. В статье проанализированы основные функции и особенности, причины употребления сленга в литературных произведениях. Также описаны особенности перевода английского сленга на русский язык.

Ключевые слова: сленг, функция сленга, «The Catcher in the rye», молодежный сленг.

D.E. Asylzhanova

Master of the National Pedagogical University named after Abai

**FEATURES OF THE FUNCTIONING OF SLANG IN THE WORK
OF FICTION BY J. D. SALINGER «THE CATCHER IN THE RYE».**

Annotation. The article analyzes the main functions and features, the reasons for the use of slang in literary works. The peculiarities of translating English slang into Russian are also described.

Keywords: slang, slang function, «The Catcher in the rye», youth slang.

Сленг – ерекше тарихи түрде қалыптасқан, ауызекі тілде қолданылатын эмоционалды бояуға ие лексика, нақты ажыратылатын тілдік жүйе болып табылады. Тілдің басқа да бөлімдері сияқты сленгтер үнемі жаңа сөздермен толығып, жаңа мағыналарға ие болып отырады, алайда лексикалық, грамматикалық және фонетикалық құрылымының негізгі қаңқасы өзгеріссіз қалады. Сондай-ақ сленгтер функционалды ерекшелігін де жоғалтпайды.

Г.Р. Иванованың пайымдауынша, сленгтердегі атаулар сөйлеушінің коммуникативтік қажеттіліктерінің салдарынан пайда болуына байланысты коммуникативті функция

номинативті функциямен сай келеді (Иванова, 1990: 128). Стандартты тілде баламасы жоқ номинативті бірліктер коммуникация үрдісін жеңілдетіп, тіпті, кейде анықтайтындықтан жоғары коммуникативті мәнге ие болатыны сөзсіз. Мәселен, ағылшын сленгінде стандартты тілде баламасы жоқ *to flunk out* (үлгерімнің төмен болуынан оқу орнынан шығарылу) деген лексема бар. Алайда Сэлинджердің повесіндегі бас кейіпкер бұл сленгизмді өзімен бірге оқитын достарымен, құрдастарымен сөйлесу барысында қолданады: «I'm the one that's flunking out of the goddam place, and you're asking me to write you a goddam composition». Оларға бұл сөз түсінікті болып қана қоймай, коммуникативті тұрғыда қажет болып табылады, себебі аталмыш сленгті білу бір-бірінің ойын бірден түсініп, еркін түрде сөйлесуге мүмкіндік береді.

Мұндай лексикалық бірліктер әлемнің тілдік бейнесіне қайталанбас элементтер ретінде енгендіктен когнитивті тұрғыда өте маңызды. Осылайша коммуникативті функция мен когнитивті функцияның байланысын аңғара аламыз. Соңғысы сленгтегі көп атауларда стандартты белгілеулерде жоқ қосымша ақпараттың болуында және қоршаған орта туралы қосымша ақпарат беруінде көрініс табады.

Номинативті функция. Техникалық прогресс, компьютерлендіру процесі, сән үрдісінен қалыс қалмай, алға ұмтылу нәтижесінде жаңа сленг сөздер қалыптасып жатыр, өйткені әдеби тілде кейбір реалийлердің тиісті мағыналары жоқ. Сленгке жататын сөздер мен сөз тіркестерінің лексиканың басқа да бөліктерінде сөздік сәйкестіктері болмаса, лексикографтар белгілі бір лексикалық бірліктерді түсіндіру үшін сипаттау әдістеріне жүгінулері тиіс. Мысалы, «The Catcher in the rye» повесінде мағыналары тұрақсыз және баламасыз сленгизмдер кездеседі, сондықтан да Oxford Dictionary of Modern Slang (J7 Аyto, J. Simpson) сөздігінде оларға түсініктеме түріндегі анықтама беріледі: *tail* – woman regarded collectively (by men) as means of sexual gratification, sexual intercourse; *lulu* – a remarkable or excellent person or thing; *falsies* – a padded bra.

Сленг заңға қайшы келетін мораль мен құбылыстарды ғана білдірмейді, ол осы ұғымдарға эпикалық-бейтарап, жағымды немесе айтарлықтай тәкаппарлық және мәжбүрлі деген сияқты белгілі бір қарым-қатынасты да білдіреді. Олай болса, сленгтің эмоционалды-бағалау функциясын сөз ете аламыз.

Сэлинджер повесінен алынған келесі үзіндіде сөздердің көбісі дөрекі әрі ауызекі тілге тән эмоционалды, экспрессивті реңкке боялған, сондай-ақ Стрэдлейтер мен Холден Колфилд арасындағы бір-біріне деген жеккөрушілік сезімдердің барына күман туғызбайды:

«You don't even know if her first name is Jane, ya goddam moron!»

«Now, shut up, Holden, God damn it – I'm warning ya», – he said. I really had him going. «If you don't shut up, I'm gonna slam ya one».

Бұл сұхбатта ызалану мен ашуланудың жоғарғы дәрежесін білдіретін *shut up* сленгизмі қолданылған. Бағалау компоненті болғанмен, ол әдейі ығыстырылған, себебі жағымсыз көзқарас тікелей сөйлеушінің аузына қақпақ болуға емес, сөйлеушінің айтып жатқан сөзіне бағытталған. Сленг сөздерде коннотацияның барлық түрі бар, мәселен, эмоционалды компонент кеміткен, кекесінді және бағалық мағынаға ие.

Әсіресе, сөйлеу кезінде шындыққа тән әртүрлі жағымсыз құбылыстарды білдіретін сленгизмдердің эмоционалды-бағалау бояуы қанық. Мұндай сленгизм Сэлинджер повесінде өте көп кездеседі, автор осы арқылы бас кейіпкердің өзін қоршаған әлемге риза еместігін көрсетіп отыр: Колфилд адамдардан, олардың қырық өтірігінен түңілген, өзінің өмір сүруінің мағынасыз екенін түсінеді. Мысалы, *goner* – дұрыс жолдан тайып, құрдымға кеткен адам, жоғалған зат; *to booze* – алкогольді шамадан тыс көп ішу; *rotten-*

жиіркенішті, жексұрын, сұмпайы; to snow – алдап-арбау. Сондай-ақ сөйлемге дәрежелілік пен өрескелдік сарынын беру үшін ғана әдейі қолданылған сленг сөздер бар (bastard, damn, fuck).

Ғалымдардың көпшілігі эмоционалды-бағалау функциясы сленгтің экспрессивті функциясымен астасып жатқандығын көрсетіп тұр. Сөйлеу тілінде сленгті қолданатын ұжым өз ойын бейнелі түрде беруге, қоршаған ортаға, онда болып жатқан оқиғаларға, оларды бағалауға деген қарым-қатынасын беруге тырысады.

Сленгизмдер әдеби тілдегі сөздер мен сөз тіркестерінің стилистикалық синонимдері болып табылады, олар ешқашан белгілі бір ұғымдарды білдірудегі бірден-бір құрал қызметін атқармайды. Сол себепті сленгтер өзіне деген эмоционалды қарым-қатынас тудыратын қарапайым зат атауларына қарағанда екінші деңгейдегі экспрессивті атаулар болып табылады. Олардың экспрессивтілігі бейнелілікке, тапқырлыққа, оқыстыққа, кейде қызықты бұрмалаушылыққа сүйенеді. Номинативтіден гөрі экспрессивті функция басым түседі.

«The Catcher in the rye» повесінің бас кейіпкері – жасөспірім. Ол мектепте оқиды, құрдастарымен араласады, сөйлеу тілінде жастар өзара ерікті түрде, бейресми жағдайда қарым-қатынасқа түскенде өте жиі қолданатын арнайы сленгтің «жастар сленгі» деген түрін қолданады. Сонымен қатар баяндау желісі бірінші жақтан Холденнің оқырман досына барлық нәрсені шынайы мойындауы түрінде баяндалады, сондықтан да кітапты оқып отырған кез келген жасөспірім өн бойында міні көп кейіпкермен өзін опонай сәйкестендіре алады немесе жасөспірімдер шынайы өмірде жиі тап болатын қиындықтарды, оның уайым-қайғысын түсіне алады. Бас кейіпкердің тілінде жастарға тән сленг тым көп кездеседі, мысалы: to get (give) the ax – оқудан шығарылу, wise guy – білгіш, can – дәретхана.

Сленгтің экспрессивтілігі туралы әңгіме қозғаған кезде контекстің, нақты тілдік жағдайдың маңызды рөл атқаратынын атап өткен жөн. Басқа сөзбен айтқанда, бәрі сленгизмді пайдаланатын қоғамға байланысты. Егер сленгтен сөйлейтіндердің арасында қолданылатын болса, оның экспрессивтілігі жоғары болады.

Сөйлеудің белгілі бір түріне деген қоғамдық немесе жеке қатынас маңызды рөл атқарады. Алайда белгілі бір тілдік құралдардың, сөздер мен мағыналардың әлеуметтік, тілшілік, идиолекті, жас уәждемесінің де маңызы зор. Арнайы сленг бірліктері қоғамның әлеуметтік стратификациясымен, түптеп келгенде, әлеуметтік топтық, кәсіби, әлеуметтік-демографиялық және т.б. сияқты әлеуметтік дифференциацияның белгілі бір аспектілерімен байланысты. Белгілі бір сленгті иелену белгілі бір топқа, кейде бірнеше топқа деген тиістіліктің нәтижесі болып табылады, ал кейде адамның өмір жолын білдіреді. Өзге топ өкілдерімен байланысқа түсетін бұл адамдар сленгті таратады. Жаргонизм және арготизм сияқты арнайы сленг бірліктері әлеуметтік топ мүшелерінің арнайы нұсқаулары, олардың дүниетанымын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, дүниетанымдық функцияны атап өткен жөн.

Белгілі бір топтың мүддесін сленг лексикасының тақырыбы арқылы аңғара аламыз, яғни арнайы сленгті қолданушылардың мәдени, этикалық, эстетикалық, әлеуметтік басымдылықтар жүйесі ашылады. Сонымен, повестің бас кейіпкері мен оның құрдас-тарының сөйлеу тілін зерттеу нәтижесінде Холден мен оның достарының мүдделерін айқын көрсететін лексикалық топтардың мынадай тақырыптық топтары анықталы: алкоголь, алкогольді сусындар – кеңейтілген лексика-семантикалық топ; синонимдер «мас», «алкогольді масаю» деген қатардың бейтарап басымдылықтары айналасына шоғырланады: tight, oiled, blind, booze hound; жыныстық қатынас (tail, to rush somebody,

to get wise with somebody, pancy, horny); төбелес (to rough up, to slam, to sock); ақша (rocks, buck, dough, stuff, to shell out); адамдармен қарым-қатынас, бағалау (dopey, rat, nut, slob) және т.б.

Жоғарыда айтылғандардан шығатын нәтиже дүниетанымдық функция арнайы сленгке тән эзотериялық функциямен байланысты, өйткені дәл осы бірліктер белгілі бір топ мүшелеріне тән ынтымақтастық сезімін, тіпті бөтен адамдарға деген өшпенділік, жек көру, мысқылдау қатынасын көрсетеді. «Өзінікін» «бөтендерге» қайшы қою «өзінікі» бола алмаған, белгілі бір топқа сіңе алмаған бөтен адамдарға қатысты қолданылатын пейоративті сленгизмдер тобынан көрініс тапты.

Мысалы, егер жастар сленгизмін қарастыратын болсақ, жастар дегеніміз – әртүрлі істермен айналысатын, өздеріне тән әуестіктері мен пайымдамалары, білім беру деңгейлері бар әртүрлі адамдар. Сондықтан жастар сленгі де жастар сияқты біркелкі емес. Жасөспірімдер мен жастардың көптеген бірлестігі басқа топтардың (хиппи, спорт т.с.с. сленгтерінен алынған сөздерді қолданады. Сөйтіп Холден актерлік сленгтен (to go into this nodding routine – иілу), психоанализ саласынан (exhibitionist-менменсіген өркөкірек адам), спорт сленгінен (to sink), джазистердің жаргонынан (lick-импровизация) алынған сөздер қолданады. Осылайша арнайы сленгтерді қолдану сөйлеушіні айналадағыларға түсініксіз болып көрсетіп, қорғаныш функциясын атқарады.

Кейбір ғалымдары сәйкестендіру (идентификациялық) функциясын сигналды деп атайды, сондай-ақ бұл эзотериялық функциямен байланысты. Оның мәні мынада, сленг көптеген нәрсенің ішінен (сондай-ақ сөйлеу мәнері, ым-ишара арқылы) «өзінікін» тануға мүмкіндік беретін құпия сөз болып табылады, ол мұқтаж жандардың ізденістерін жеңілдетеді, ерекше байланыстар орнатып, қолдауға көмектеседі. Әңгіме барысында өзі туралы, өзін қоршаған орта туралы сигнал береді, оның сөзінен оның әлеуметтік жағдайы, жасы, қай өңірдікі екені туралы (өйткені белгілі бір говорға белгілі бір фонетикалық, грамматикалық, лексикалық белгілер тән) нақты түсінік қалыптасады. Әңгімелесуші сөйлеу тәртібi арқылы сол топ мүшелерімен қарым-қатынасқа түсуге дайын екендігін көрсетеді. Осылайша Холден Стрэдлейтер қолданған сленгтерді еш қиындықсыз түсініп (I'll be up the creek, buddy, sharp), оған берген жауабында ұқсас сарындағы сленгтерді қолданады. Тілдесудің мұндай формасы екеуі үшін де таптырмайтын бірден-бір жолы болып табылады.

Дейктикалық немесе сипаттаушы функция көркем әдебиетте қолданылады. Белгілі бір кейіпкер қолданатын сленгизмдер белгілі бір деңгейде оның жеке тұлғасын, белгілі бір адамдар тобына тиістілігін сипаттайды. Осы тұрғыдан алғанда, бұл функцияның жоғарыда тілге тиек еткеніміздей, «бөтен» нәрселердің ішінен «өзінікін» тануға бағытталған сәйкестендіру функциясымен байланысы байқалады. Кейіпкерлердің сөйлеуінде сленгизмдерді қолдану әңгімеге сол топқа тән белгілі бір бояу береді, бұл лексика кейіпкерлердің сөйлеу портреттерін және олардың әлеуметтік рөлдерін типтендіру үшін қолданылады.

«The Catcher in the rye» повесінде Холденнің Нью-Йорк қонақүйінде Сани есімді жезөкшемен танысу көрінісі сипатталады. Холденге неше жастасың дегенде, ол жиырма екі деп жауап берсе, қыз оған қарап күледі: «Like fun you are». Алайда Колфилд үшін бұл күтпеген жағдай болды, өйткені ол жезөкшелермен сөйлескен кезде қалыптасқан сөйлеу тәртібi мен мәнері туралы түсініктен (атап айтқанда, сөйлеу кезінде сленг пайдалану) хабардар болатын: «It sounded like a real kid. You-d think a prostitute and all would say «Like hell you are» or «Cup the crap» instead of «Like fun you are».

Уақытты үнемдеу функциясы сленгтің уақытты және сипаттау кеңістігі болып табылатын орынды үнемдеуге көмектесетіндігімен байланысты. Захарченконың (2006) пікірінше, бұл функцияны жүзеге асыру құралы аббревиация болып табылады. Сондай-ақ Сэлинджер тілінен мынадай қысқарған сөздерді де кездестіруге болады: *dorm* (*dormitory*) – ұйықтау ауданы, *Pencey prep* (*preparatory school*) – дәулетті отбасынан шыққан ұлдарға арналған жабық интернат мектебі, *bud* (*buddy*) – дос, *BB guns* қысқарған сөзі – ұсақ калибрлі қару.

Олай болса, сөйлеу тіліндегі сленг әртүрлі функцияларды атқарады, десе де олардың ішіндегі аса маңыздысы экспрессивті болып табылады. Өйткені «сленг – жеке адамдардың қоғамда қалыптасқан әдеттегі тілден ауытқу, өзін-өзі бір сәтке ұмыту нәтижесінде туындаған сөйлеу формасы» (Jespersen, 1922: 149). Сленгтің көмегімен кейіпкеріміз Холден Колфилд жарық дүниеге, оның ішінде өзіне деген жек көрінішін білдіреді. Сленгтің коммуникативті және номинативті, экспрессивті және эмоционалды-бағалау, дүниетанымдық және эзотериялық және т.б. сияқты функцияларының бәрі өзара байланысты.

Жұмыстың зерттеу нысаны – Дж. Д. Сэлинджердің «Над пропастью во ржи» атты романындағы лексикадан бөлініп алынған сөздер тобы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Иванова Г.Р. Функции сленга в речевой деятельности американских студентов // Когнитивные и коммуникативные аспекты английской лексики. М., 1990. 43 с.
- [2] Захарченко Т.Е. Эквивалентная лексика в русском и английском сленге: словообразовательный, системный и функциональный аспекты: дис. канд. филол. наук Ростов н/Д., 2006. 22 с.
- [3] Швейцер А.Д. Очерк современного английского языка в США. М., 1963. 55 с.
- [4] The Oxford Dictionary of Modern Slang / Ed. By J. Ayto, J. Simpson. New York, 1996. P. 103.
- [5] Jespersen O. Language: Its Nature, Development and Origin. New York, 1922. P. 162-165.
- [6] <http://www.cliffsnotes.com/literature/c/the-catcher-in-the-rye/about-the-catcher-in-the-rye/historical-setting>. [электрон ресурс]. (жүгіну уақыты: 20.12.2015).
- [7] <http://www.sparknotes.com/lit/catcher/section6.rhtml>. [электрон ресурс]. (жүгіну уақыты: 20.12.2015).